

**2012 жылғы Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 325 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қаңтарда N 13-12-139 тіркелді

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 15.02.2013 N 27 қаулысымен**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағы 13) тармақшасына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі

**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімі 2012 жылға белгіленсін:

- 1) 29 жасқа дейінгі жастар
- 2) 50 жастан жоғары тұлғалар
- 3) бір жылдан артық жұмыс істемейтін тұлғалар

2. «2011 жылға Тимирязев ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы тобына жататын тұлғалардың қосымша тізімін анықтау туралы» Тимирязев ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 сәуірдегі № 109 қаулы күші жойылды деп танылсын (2011 жылғы 12 мамырдағы № 13-12-126 нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2011 жылғы 21 мамырдағы № 23 «Көтерілген тың», 2011 жылғы 21 мамырдағы № 23 «Нива» газеттерінде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Е. Мәкеноваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК